ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ
(қарар бөлігі)

2025 жылғы 18 маусым №1513-25-00-2/1272 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья С.Е.Мукашева, электрондық азаматық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Бокстан олимпиада резервін даярлайтын балалар-жасөспірімдер облыстық мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Камешова К.С.» Карина Сериковна Камешова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Бокстан олимпиада резервін даярлайтын балалар-жасөспірімдер облыстық мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Камешова К.С.» Карина Сериковна Камешова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Камешова К.С.» Карина СериковнаКамешовадан мемлекет пайдасына 727 (жеті жүз жиырма жеті) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 18.06.2025
Заңды күшіне енген күні: 27.08.2025, судья Мукашева С. Е., 27.08.2025

Жауапкер жеке кәсіпкер «Камешова К.С.» Карина Сериковна Камешовадан жергілікті бюджетке 1 988 (мың тоғыз жүз сексен сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Камешова К.С.» Карина Сериковна Камешова оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья С.Е.Мукашева

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 18.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 27.08.2025, судья Мукашева С. Е., 27.08.2025

1513-25-3-1/1634